

**Руслан Сабденов¹, Гаухар Абдрахманова²,
Дулат Отегали³**

*¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
саясаттану кафедрасының докторанты
e-mail: sabdenov.r.a.22@gmail.com
<https://orcid.org/0000-0002-7181-3653>*

*² Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің саясаттану
кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты
e-mail: gauhar-abdrahmanova@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0001-7648-8063>
(Астана, Қазақстан)*

*³ «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ, жетекші сарапшы
e-mail: otegalidulat@gmail.com
<https://orcid.org/0009-0002-5356-737X>
(Астана қ., Қазақстан)*

ЖЕРГІЛІКТІ ДЕНГЕЙДЕГІ ЭЛЕКТРОНДЫ ДЕМОКРАТИЯ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРІБЕ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АХУАЛ

Андатпа. Еңбекте бүгінгі күні маңыздылығы мен қажеттілігі жағынан алғанда мемлекет пен қоғам үшін басты мәселелердің біріне айналған электронды демократия, оның түсінігі мен қағидаттары, әлемдік тәжірибе мен Қазақстандағы осы бағыттағы қадамдар, нәтиже мен даму перспективасы туралы айтылады. Мақалада зерттеудің салыстырмалы талдау және қосалқы статистикалық деректерді талдау әдісі қолданылады. Жергілікті жерлерде билік пен адамдар арасындағы қарым-қатынастың осы жаңа түрін ендіру барысындағы қиыншылықтар мен кедергілердің объективті және субъективті себептері анықталып, талдаулар жасалады және ұсынымдар беріледі.

Түйін сөздер: электронды демократия, электронды үкімет, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, цифрландыру.

Руслан Сабденов, Гаухар Абдрахманова, Дулат Отегали ЭЛЕКТРОННАЯ ДЕМОКРАТИЯ НА МЕСТНОМ УРОВНЕ: МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ И СИТУАЦИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. В работе рассказывается об электронной демократии, ее понимании и принципах, мировом опыте и шагах в этом направлении в Казахстане, о результатах и перспективах развития, которые сегодня стали одной из главных проблем для государства и общества с точки зрения важности и необходимости. В статье используются такие

методы исследования, как сравнительный анализ и анализ вторичных статистических данных. Будут выявлены и анализированы объективные и субъективные причины трудностей и препятствий в ходе внедрения этого нового вида взаимоотношений между властью и людьми на местах, а также предложены рекомендации.

Ключевые слова: *электронная демократия, электронное правительство, информационно-коммуникационные технологии, цифровизация.*

Ruslan Sabdenov, Gaukhar Abdrakhmanova, Dulat Otegali
E-DEMOCRACY AT THE LOCAL LEVEL: INTERNATIONAL EXPERIENCE AND THE SITUATION IN KAZAKHSTAN

Abstract. The work tells about e-democracy, its understanding and principles, world experience and steps in this direction in Kazakhstan, about the results and prospects of development, which today have become one of the main problems for the state and society in terms of importance and necessity. The article uses such research methods as comparative analysis and analysis of secondary statistical data. Objective and subjective reasons for difficulties and obstacles in the implementation of this new type of relationship between government and people in the field will be identified and analyzed, as well as recommendations will be proposed.

Keywords: *E-democracy, e-government, information and communication technologies, digitalization.*

Кіріспе

Бүгінгі мемлекеттік басқару жүйесінде электронды демократия (e-democracy) мемлекет пен қоғам арасындағы өзара әрекеттестікті нығайтудың маңызды тетігі ретінде жиі қарастырылады. Дәстүрлі саяси қатысу тәсілдерінен айырмашылығы – мұнда азаматтарды қамту аясы кең, процестер ашық, ал уақыт пен қаржы шығындары азаяды. Осы себепті электронды демократия тек ұлттық деңгейде ғана емес, жергілікті деңгейде де кеңінен қолданыс табуда. Өйткені шешімдер жергілікті қауымдастыққа тікелей қатысты және олардың күнделікті өміріне әсер етеді. Мәселен, электронды дауыс беру платформаларын, онлайн қоғамдық тыңдауларды, электронды петициялар мен тұрғындар арасындағы цифрлық кеңестерді енгізу азаматтардың муниципалдық саясатқа ықпал ету мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтеді.

Бұл тақырыптың өзектілігі бірнеше факторға байланысты. Біріншіден, технологиялардың үздіксіз дамуы және интернетке қол жеткізудің кеңеюі жергілікті билік органдарынан цифрлық сервистер мен интерактивті қатысу құралдарын күту деңгейін арттырады. Халықаралық электр байланысы одағының (ITU) соңғы мәліметтеріне сүйенсек, 2024 жылдың қорытындысы бойынша әлемде шамамен 5,5 миллиард интернет пайда-

ланушы болады, бұл – жер шары халқының 68% құрайды [1, 9 б.]. Жылдан жылға бұл көрсеткіш өсіп келеді, ал сонымен бірге онлайн байланыстар, деректермен алмасу және шешімдерді бірлесіп қабылдау ауқымы да кеңейе түсуде. Екіншіден, COVID-19 пандемиясы және онымен байланысты әлеуметтік байланыстарға қойылған шектеулер жергілікті басқару органдарын ең алдымен цифрлық шешімдерді белсенді іздеуге итермеледі. Халықаралық тәжірибе жергілікті өзін-өзі басқару саласында азаматтармен диалогты жеңілдетуге, онлайн бюджеттеуді енгізуге және жергілікті әкімдіктер жұмысына қоғамдық бақылауды күшейтуге бағытталған инновациялық жобалардың саны көптеп жүзеге асатынын көрсетіп отыр.

2024 жылы БҰҰ-ның Электрондық үкіметті дамыту жөніндегі есебіне (UN E-Government Survey 2024) сүйенсек, 2022 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 2024 жылы әлемдегі электронды үкімет дамуы бойынша артта қалған халықтың бөлігі 45%-дан 22,4%-ға азайды. Алайда цифрлық жетілу деңгейі жоғары және төмен елдер арасындағы алшақтық әлі де сақталады. Әсіресе Африка мен Океания құрлықтарында бұл айқын байқалады [2, 23 б.]. Соның салдарынан электронды қатысу платформаларын енгізу әлеуеті әр өңірде әркелкі. Дегенмен жалпы үрдіс тіпті инфрақұрылымы салыстырмалы түрде әлсіз аудандарда да электронды құралдар санының тұрақты өсуін дәлелдейді. Мысалы, 2022 және 2024 жылдар аралығындағы кезеңде қалалық порталдарда азаматтардың онлайн-қатысу тетіктерін енгізу көрсеткіштерінің айтарлықтай өскені байқалды. Атап айтқанда, онлайн-дискуссиялардың үлесі 32%-дан 42%-ға дейін артты [2, 175 б.]. Бұл жергілікті деңгейде тікелей демократия мен қатысуға негізделген басқарудың электронды формаларына жаһандық сұраныстың артып келе жатқанын аңғартады.

Тағы бір маңызды себеп – бүгінгі қоғамдардағы басқарудың ашықтығына және биліктің азаматтар алдындағы есептілігіне деген сұраныстың күшеюі. Муниципалитеттерде қолданылатын электронды платформаларда тұрғындар тек ұсынымдар мен жобаларды айтып қана қоймай, олардың жүзеге асу кезеңдерін, бюджет шығыстарын және орындалу барысын да бақылай алады. Бұл жергілікті өзін-өзі басқару институттарына деген сенімді арттырады, ал офлайн кездесуге негізделген дәстүрлі тәсілдер азаматтар үшін онша қолайлы болмауы мүмкін.

Қазақстан үшін де жергілікті деңгейде электронды демократияны дамыту мәселесі аса маңызға ие болып отыр. Бір жағынан, мемлекет «Цифрлы Қазақстан» және басқа да бастамалар аясында цифрлық трансформацияны белсенді алға жылжытуда. Екінші жағынан, азаматтық қоғам жергілікті басқарудың ашықтығы мен тиімділігіне қойылатын талаптарды күшейтіп келеді. Қазіргі уақытта елімізде өтініш беру, абаттандыру жобаларына дауыс беру, қоғамдық петицияларға қол жинау және жергілікті сауалнамалар жүргізу сияқты электронды сервистер енгізіле бастады. Десе де, қол жеткізген жетістіктермен қатар, халықтың бір бөлігінің цифрлық дағдыларының жетіспеушілігі, аймақтардағы телекоммуникациялық инфрақұрылымның біркелкі дамымауы және электронды қатысу ны-

сандарын құқықтық тұрғыда реттеудің толық аяқталмауы сияқты елеулі кедергілер бар. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2023 жылдың соңына қарай Қазақстанда үйден Интернет желісіне қатынау мүмкіндігі бар үй шаруашылықтарының үлесі 96,8% құрады [3]. Бұл электронды тәсілдерді дамытудың мүмкіндіктерін ашатыны сөзсіз, бірақ қала мен ауыл арасындағы алшақтықты азайту мәселесі әлі де өзекті.

Осылайша, жергілікті деңгейде электронды демократияны халықаралық тәжірибе аясында және Қазақстандағы ағымдағы процестерді сараптай отырып зерттеу – өте өзекті міндет. Біріншіден, бұл азаматтарды шешім қабылдау ісіне тартудың қандай нәтижелі тетіктері бар екенін көрсете отырып, оларды еліміздің нақты ерекшеліктеріне бейімдеуге жол ашады. Екіншіден, әлемдік үрдістер мен қазақстандық практиканы салыстыру арқылы цифрлық құралдарды жергілікті жерлерде қолдануды тиімді ете түсу және кездесетін кедергілерді еңсеру жолдары жөнінде тұтас түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Соңында, зерттеу нәтижелері электронды платформалардың ашық және есеп беретін жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастырудағы ролін тереңірек ұғынуға ықпал етіп, оларды жетілдіру жөнінде нақты ұсыныстар жасауға көмектеседі.

Әдебиеттерге шолу

Ғылымда «электронды демократия» ұғымына қатысты бірыңғай, жалпыға ортақ анықтама әлі қалыптаспағанмен, көптеген авторлардың пікірінше, электронды демократия – цифрлық құралдар мен интернет-технологияларды азаматтардың қоғамдық саясат пен мемлекеттік басқарудағы қатысу аясын кеңейтуге пайдалану [4]. Мұнда «қатысу» ұғымы азаматтардың тек мемлекеттен ақпарат алуымен шектелмей, қоғам мен билік институттары арасында түрлі форматтарда өзара әрекеттесуін білдіреді: онлайн-консультациялар, электронды петициялар, қашықтан дауыс беру, партисипаторлық бюджеттеу және заң жобаларын бірлесіп әзірлеу.

Жалпыалғанда, цифрлық саясат ИКТ-ның (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) демократиялық әлеуетін зерттеуді қамтиды. Макинтош, Ферро, Молинали және Неуер секілді ғалымдар мұндай зерттеу бағыты көбіне нұсқаулық немесе нормативтік сипатта болады деп санайды. Мұнда азаматтық қатысу көбіне «төменнен жоғарыға дейінгі континуум» ретінде ұғынылады [5; 6; 7]. Осы тұрғыдан, электронды демократияның мәні электронды қатысу (e-participation) идеяларымен тығыз байланысты: цифрлық технологиялар азаматтардың мемлекеттік шешім қабылдау процесіне қатысуын жеңілдетіп, ашықтық деңгейін жоғарылатады.

Мысалы, зерттеуші Брайан Лодж электронды демократия тек сайлау процесін (e-voting) қолдаумен шектелмей, азаматтардың шешім қабылдауға үздіксіз қатысуын қамтамасыз етуі тиіс екенін атап көрсетеді. Бұл тәсіл электронды демократияның процеске бағытталған сипатына – қоғам мен билік арасындағы тұрақты диалогқа – басымдық береді. Ал Нэнси Робертс интерактивтілік пен ашықтыққа мән беріп, технология-

лар билік институттарының есеп беру міндетін күшейтіп, азаматтарға қабылданған шешімдерді бақылау тетігін ұсынып отырса ғана электронды демократияның шынайы жүзеге асатынын атап өтеді [8].

Сол сияқты Ван Дик электронды демократияны «онлайн және офлайн саяси коммуникацияда цифрлық медианы қолдану арқылы демократияны кез келген қырынан дамыту және оны тәжірибеде іске асыру» деп анықтайды. Ол электронды демократияны түрлі идеалды үлгідегі демократиялар шеңберінде талдайды [9, 51 б.]. Меер, Гелдерс және Ротие секілді авторлар электронды демократияны осыған дейінгі электронды құралдардың (e-services) жалғасы деп санайды, яғни бұл электронды үкіметтің (e-government) соңғы сатысы ғана емес [10]. Шын мәнінде, 1990 жылдары-ақ электронды демократия жөніндегі басты тұжырымдар азаматтардың шешім қабылдауға қатысуы, қоғамдық пікірталастарды қолдау және қауымдастықтарды нығайту деген идеяларды қамтыды. Бұған қоса, электронды референдумдар (e-referenda), электронды сауалнамалар (e-polls), электронды дауыс беру (e-voting) сияқты тетіктер электронды үкіметпен (e-government) үндесе отырып, «Афинадағы agoraға» ұқсас тікелей демократия дәуірін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қазіргі мүмкіндіктерімен сабақтастыра алады [9, 52 б.].

Зерттеуші Т. Ровинская «Теория мен тәжірибе жүзіндегі электронды демократия» атты еңбегінде электронды демократияның келесі түрлерін бөліп көрсетеді:

1. Электронды дауыс беру (eVote).
2. Саяси партиялардың, мемлекет қайраткерлерінің ресми сайттарын құру және сол платформаларда электронды түрде өтініштерді қабылдау және қарау, оларды орындау үшін қабылданған шаралар бойынша есептер беру бөлігін жетілдіру.
3. Елдің негізгі заңдары мен саяси оқиғалары бойынша интернет желісінде қоғамдық пікірді анықтау бойынша жобалар жасау.
4. Заңнамалық бастама көтеру және референдум өткізу құқығы.
5. Пікірлерді онлайн тіркеп, заң шығарушы, сот билігінің электрондық органдарын құру.
6. Электронды партияларды құру.
7. Сайлау жүйесінде ақпараттық-түсіндіру қызметін жүргізу үшін алаң ретінде интернет желісін пайдалану.
8. «Электронды» саяси және қоғамдық көшбасшыларды қалыптастыру үшін ақпараттық және коммуникациялық база құру.
9. Интернет желісінің көмегімен маңызды саяси оқиғалар туралы ақпараттандыру.
10. Мемлекеттік басқару жүйесін электронды үкіметті кеңінен қолдану [11].

Жалпы алғанда, «электронды демократия» — ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып қоғамдағы демократиялық процестерді жақсарту немесе жаңа деңгейге көтеру деп тұжырымдауға болады. Оның негізгі принципі — цифрлық құралдарды

кеңінен қолдану арқылы басқару процесіне қоғам мен азаматтардың қатысу белсенділігін арттыру. Белгілі бір мемлекеттегі, қоғамдағы электронды демократияның нақты көрсеткіші ретінде электронды үкіметті айтуға болады. Айта кететін жайт, электронды үкімет мемлекеттік басқару мен қызметтің жеделдігі мен ыңғайлығы дегенді білдіреді, ал электронды демократия ақпараттық технологияны пайдалана отырып, қоғам мен жеке азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысуы.

Электронды демократияны жергілікті, аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде қарастыруға болады. Оның басты мақсаты – шешім қабылдау жүйесінің барынша ашық болуына қол жеткізу.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу барысында электронды демократия саясатын жергілікті деңгейде жүзеге асырған өзге мемлекеттердің тәжірибесі және Қазақстандағы осы саладағы жағдай салыстырмалы түрде талданады. Атап айтқанда, Эстония, Оңтүстік Корея, Тайван, Швейцария, Исландия, Испания, Италия, Ұлыбритания, Германия, Венгрия және АҚШ мемлекеттеріндегі электронды демократия саясатының ерекшеліктері талданады. Осы саладағы жоғарыда аталған мемлекеттерді салыстыру технологиялық инфрақұрылымға, саяси мәдениетке, азаматтардың қатысу деңгейіне, заңнамалық бастамаларға және мемлекеттік институттардың цифрлық шешімдерді енгізуге жалпы дайындығына байланысты бірқатар критерийлер бойынша жүргізілді. Мақалада Эстония және Оңтүстік Корея мемлекеттерінің тәжірибесіне кеңірек тоқталынады. Себебі, Эстония мемлекеті электронды дауыс беру (e-voting) және электронды үкімет саласындағы көшбасшы мемлекеттердің бірі. Оңтүстік Корея электронды үкімет үшін инфрақұрылымды жедел дамыту және азаматтардың қатысуы үшін цифрлық технологияларды белсенді пайдаланған мемлекет.

Сонымен бірге зерттеуде қосалқы статистикалық деректерді талдау әдісі қолданылады. Халықаралық тәжірибе бойынша деректер негізінен халықаралық және академиялық журналдардан, мемлекеттік ресми есептерден алынған. Қазақстандағы ахуал бойынша қосалқы статистикалық деректер 2022 жылғы БҰҰ электронды үкімет саласындағы зерттеуінен алынды. Сонымен бірге, 2023 жылы Қазақстандық қоғамдық даму институты жүргізген «Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқаруды реформалаудың ерекшелігі мен перспективасы» атты зерттеуінің деректері көрсетілген. Алғашқы статистикалық деректер ағымдағы жылдың 4 сәуірі мен 3 маусымы аралығында «ePetition» Қазақстанның ресми онлайн-петиция сайтынан алынды.

Зерттеу нәтижелері

Қазіргі уақытта көптеген мемлекеттер басқару жүйесін электронды демократияға бұру мәселесін қарастыруда. Осы бағытта кейбір елдер эксперименталды әдістерді қолданса, басқа бір елдерде жергілікті деңгейде пилотты жобалар жүзеге асырылуда. Ақпараттық кеңістікте азаматтық

қоғам өкілдері де электронды демократияға көшу мәселесін белсенді түрде көтере бастады. Осыған байланысты, жалпы электронды демократия, оның түрлері мен тұжырымына қатысты түсінік қажеттілігі туындады.

Электронды демократияны қалыптастырудағы халықаралық тәжірибеге тоқталсақ.

Эстония тәжірибесі. Ғалымдар мен зерттеушілердің пікіріне сүйенетін болсақ, Эстония мемлекетін электронды демократияны алғашқы енгізген мемлекеттер қатарында. Зерттеуші Н.В. Лавриктің мәліметтерді бойынша 2005 жылы Эстония мемлекеті әлем бойынша бірінші рет жергілікті деңгейдегі сайлауда электронды дауыс беру технологиясын пайдаланған еді. 2007 жылы бұл елде интернет-дауыс беру парламенттік сайлауларда кеңінен қолданыла бастады. 2005 жылғы сайлау қорытындысы бойынша интернет арқылы дауыс беруді сайлаушылардың 2%-ы пайдаланса, 2011 жылы парламент сайлауында бұл көрсеткіш 24%-ға дейін өскен [12]. Осы көрсеткіштер елде бұл бағыттағы жұмыстың жоспарлы және жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын көрсетеді

Жалпы, Эстония мемлекетін электронды демократияны енгізу бойынша әлемде үлгі болатын мемлекет ретінде көрсетуге болады. Себебі, 2000 жылдардың бас кезінен елдің Министрлер кабинеті құжаттардағы қағазбастылықтан арылып, толықтай электронды жүйеге ауысты. Сонымен қатар, білім беру саласы интернет желісімен жасақталды және мектепте «Компьютерлік бағдарламалау» міндетті пән ретінде енгізілді [13]. Эстония тәжірибесіне сүйене отырып, электронды демократияға байланысты өзгерістердің жергілікті деңгейден басталатынын байқауға болады. Микродеңгейде басталған трансформациялар макродеңгейге жетіп, жалпы мемлекеттің бұл бағыттағы саясатының тиімді жүргізілуіне әсерін тигізгені анық.

Оңтүстік Корея тәжірибесі. Оңтүстік Корея мемлекеті де электронды демократия саясатын нәтижелі жүзеге асырып жатырған елдер қатарына кіреді. Бұл мемлекетте белсенді түрде қоғамдық пікірді анықтау мақсатында электронды және цифрлы платформаларды пайдалану арқылы сауалнама әдісі қолданылады. Сонымен қатар, билік халықтың қоғамдық процестерге белсенді қатысуына ықпал ететін онлайн-петиция жүйесін іске қосқанын атап өткен жөн. Атап айтқанда, 2017 жылдың 19 тамызында Мун Чжэ Ин Үкіметі азаматтардың белсенділігін және қоғамдық пікірін анықтау үшін «Көк үй» веб-сайтын құрған кезден бастап, елде ұлттық петиция парақшасы ашылды. Онлайн петиция парақшасының жұмыс істеу ережелері келесідей: егер қандай да бір азамат шешілмеген ұлттық мәселе бойынша пікір жазса және 30 күн ішінде 200 000-нан астам адамнан қолдау алса, үкіметтік ұйымдар немесе көгілдір үйдің лауазымды тұлғалары (тиісті министрліктер, Президенттің Бас хатшысы, арнайы кеңесшілер және т.б.) жауап береді [14]. Аталған платформада жергілікті деңгейден бастап ұлттық деңгейдегі мәселелер көтеріледі. Бір жағынан, бұл жүйе көпшіліктің пікірсайыс алаңына айналып, петицияларға қоғамның қол жетімділігін кеңейтіп, адамдарға қоғамдық пікір қалыптастыруға мүмкіндік

берді жән өз тиімділігін көрсетті. Екінші жағынан, бірқатар кемшіліктері де байқалды. Мәселен, билік органдарының лауазымына кірмейтін мәселелер бойынша өтініштердің шамадан тыс көп болуы және олардың қайталанып келуі.

Тайвань тәжірибесі. Бұл елде электронды демократияның дамуы жоғары технологиялық деңгеймен (Тайвань – «азиялық жолбарыс») және азаматтық белсенділіктің өсуімен тығыз байланысты. Әсіресе 2014 жылы болған «Күнбағыс қозғалысынан» кейін Қытаймен жасалатын сауда келісіміне қарсы шыққан жастар парламентті басып алды, бұл оқиға gov (gov-zero) хактивистік қауымдастығының құрылуына түрткі болды [15]. Аталған қауымдастық үкімет пен азаматтар арасында онлайн-платформаларды кеңінен енгізуге ықпал етті [16].

2015 жылы Тайвань үкіметі Join порталын іске қосты [17]. Ол электронды қатысуға арналған бірыңғай алаң ретінде қызмет етіп, электронды петиция беру, ашық консультациялар мен бірлесіп идея әзірлеу мүмкіндіктерін ұсынады. «Directions for Implementing Online Participation in Public Policy» (2015) актісі азаматтық ұсыныстарға заңды күш береді, мұндай ұсыныс 60 күн ішінде 5000 қол жинаса, билік өкілдері оны міндетті түрде қарап, 2 ай ішінде ресми жауап беруге тиіс. Ал тексеру кезінде ұсыныс заңнамаға қайшы келмеуі және бұрынғы петицияларды қайталамауы шарт.

2019–2022 жылдар аралығындағы деректер бойынша: аталған жүйеге 7510 бастама түскен, соның 7130-ы модерациядан өтіп, қол жинауға жіберілген.

Шектен өткен бастамалардың үлесі (5000-нан астам қол) бар-жоғы 1,4% (112 бастама), алайда электронды қолдардың (e-signatures) жалпы саны тұрақты өсуде: мысалы, 2021 жылы 449–456 мыңға жетіп, 23 миллион халқы бар Тайвань үшін шамамен 2%-ды құрайды [18].

Join порталының басты нәтижесі – мемлекеттік органдардың жауапкершілігі күшейді: шекті деңгейден асқан әр ұсыныс 2 ай ішінде ресми жауап алады. Сондай-ақ 2018 жылдан бастап порталға Тайваньда заңды түрде тұрып жатқан шетелдіктер де қатыса алады. Дегенмен, қол жинау шегінің жоғары болуына және «петициялық мәдениеттің» басымдығына байланысты табысты петициялардың үлесі төмен болып отыр.

Соған қарамастан, электронды қатысу аясында азаматтардың белсенділігі біртіндеп өсіп келеді. Электронды құралдарға сенім артқан сайын бастамалар мен жиналған қолдар саны ұлғаяуда. Макарышев пен Вишник бұл тәсілді мемлекеттік қолдау мен ашық деректер саясаты арқылы заңнамалық негізде бекітудің нәтижесі деп санайды. Нәтижесінде электронды демократия қоғам мен билік арасындағы диалогты нығайтып, саяси механизмдерді заманауи талаптарға сәйкестендіріп отыр.

Электронды демократияны әр мемлекет өзіндік даму ерекшелігін ескере отырып, жүзеге асыруда (1-кесте). Айта кететін мәселе, электронды демократия жүйесінің табысты жүзеге асырылуы әр мемлекеттегі билік басқару жүйесінің ашық болуына тікелей байланысты. Өйткені электронды

демократияның да басты мақсаты билік пен басқару жүйесінің барынша ашық болуына қол жеткізу.

1-кесте. Электронды демократияны жүзеге асырудағы халықаралық тәжірибе [11, 92 б.]

Ел	Саясатының ерекшелігі
Эстония	Азаматтарға мемлекеттік басқару мен заң шығару жүйесін жетілдіру бойынша өз ойларын және ұсынымдарын ашық білдіретін портал жасау,
Швейцария	Электронды дауыс беру тәжірибесі; қалалар мен кантондардағы «азаматар – билік органдары өкілдері» электронды кеңес беру жүйесі
Исландия	Өлеуметтік желіде елдің Конституция жобасының ұжымдық талқылануы
Испания	Жергілікті жерлерде электрондық демократия жобаларын қолдаудың мемлекеттік бағдарламасының болуы, Мадрид қаласында азаматтардың электрондық өтініштері негізінде өмір сүру деңгейін күнделікті бақылау жүйесінің іске қосылуы; мемлекеттік бюджеттерді қалыптастыру мәселелері бойынша электронды сауалнамаларды жүйелі түрде жүргізуді жүзеге асыру
Италия	Электронды демократия құралдарын іс жүзінде енгізу, осы саладағы қоғамдық жобаларды қолдау үшін арнайы мемлекеттік ұйымның құрылуы
Ұлыбритания	Электронды дауыс беру бойынша эксперименттер жүргізілуі, интернет-блог форматындағы сайлауда кандидаттар арасында ресми пікірталастар өткізілуі, «Жергілікті жерлерде Э-демократия жөніндегі ұлттық жоба» (UK Local E-DemocracyNational Project) құрылуы және қаржыландырылуы
Германия	Азаматтардың өтініштерін ескере отырып, электронды заңнама тұжырымдамасын, депутаттардың заң шығару қызметіне қашықтықтан электронды қатысуын қамтамасыз ету бойынша жұмыстардың жүргізілуі
Венгрия	Қалалардан бастап жалпы мемлекетке дейінгі әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік интернет форумдар жүйесінің жұмыс істеуі
АҚШ	Штат губернаторы және қала-муниципалитет деңгейінде электрондық өтініштерді қарау жүйесінің құрылуы, партиялардың электоралдық белсенділікті арттырудағы электрондық-ақпараттық жүйелерінің әзірленуі

Электронды демократия бойынша Қазақстандағы ахуал

Жоғарыда атап өткендей, электронды демократияның көрсеткіші – басқару жүйесінде электронды үкіметті кеңінен қолдану. Бұл бағытта Қазақстанда жоспарлы жүйелі жұмыс бар екендігін атап өтуге болады. Мәселен, Біріккен Ұлттар ұйымының 2022 жылғы зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Қазақстан Орталық Азия мемлекеттері ішінде электронды үкіметтің даму индексіне бірінші орында және Азия мемлекеттері арасында дамушы топтың қатарында орналасты [19].

Сонымен бірге, электронды демократияның қағидаттарын енгізуде елде белгілі бір қиындықтар мен кедергілер де бар. Ол түрлі объективті және субъективті себептерге байланысты болып келеді. Мысалы, Қазақстанда да 2005 жылы ішінара электронды сайлау жүйесі пилоттық жоба негізінде енгізілген еді. Алғашқы рет жергілікті деңгейде маслихат депутаттарын сайлау кезінде санаулы сайлау учаскелерінде өткізілді. Кейіннен дауыс берушілер арасында сұранысқа ие болмауы, саяси партиялар мен қоғам белсенділерінің қарсы болуы себептеріне байланысты және бұл жүйені

енгізу үшін қомақты қаржы жұмсалуды керек болғандықтан бастама тоқтатылды. Бұл объективті фактор. Яғни, қазақстандық қоғамда электронды демократия ұғымының әлі де кеңінен таралмай отырғандығының мысалы.

Оңтүстік Корея тәжірибесінде көрсетілгендей, онлайн-петиция институтының қоғамда тиімді пайдаланылуы – электронды демократияның дамуының бірден бір көрсеткіші. Қазақстанда бұл бағытта жұмыс жүйелі түрде енді қолға алына бастады. Елімізде петиция беруге арналған ресми сайт epetition.kz 2024 жылдың 4 сәуірінен бастап іске қосылған. Бұл платформада жергілікті және республикалық деңгейдегі мәселелер қарастырылады. 2-кестеден байқағандарыңыздай, платформа іске қосылған кезден бастап, барлығы 30 петиция берілген. Оның ішінде көпшілігі (63,3%) үкіметтің құзыретіне жататын мәселелер бойынша берілсе, ал 36,7%-ы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің маслихаты және әкімдіктердің құзыретіне тиісті сұрақтар бойынша берілген. Бұл петициялардың басым бөлігі (63,6%) республикалық маңызы бар Алматы мен Астана қалаларындағы мәселелер бойынша берілген. Тек 36,4%-ы облыстық маңызы бар қалалар және аудандар бойынша ұсынылған [20]. Статистикалық деректер бұл бағытта жұмысты әсіресе жергілікті жерлерде жүргізудің маңыздылығы мен қажеттілігін айқындайды.

2-кесте. «ePetition» платформасына берілген петициялар

№	Саясатының ерекшелігі	Саны/%
1	Республикалық (Үкіметтің құзыретіне жататын мәселелер бойынша 50 мың дауыс)	19/63,3
2	Жергілікті (тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің маслихаты құзыретіне жататын мәселелер бойынша (мысалы, аудан немесе ауыл) халық санынан азаматтардың 2% дауысы; әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімдіктері құзыретіне жататын мәселелер бойынша тиісті халық санынан азаматтардың 1% дауысы)	11/36,7
Барлығы		30/100

** Ескертпе: Ақпарат 2024 жылдың 3 маусымына өзекті.*

Цифрлық құралдарды кеңінен қолдану арқылы басқару процесіне қоғам мен азаматтардың қатысу белсенділігін арттыратын жолдардың бірі – жергілікті деңгейде «халық қатысатын бюджет» жобасының жүзеге асуы. Бұл жоба жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша жобалық ұсыныстарды дайындау және дауыс беру арқылы қала тұрғындарының арасынан азаматтардың жергілікті бюджет қаражатын бөлуге қатысуын білдіреді. Қазақстанда бұл жоба 2019 жылдан бастап, Астана мен Алматы қалаларында пилотты түрде іске қосылды. 2020 жылдан бастап, аталған қалаларда қарастырылып, елдің бюджеттік жүйесіне ресми енгізілді. Атап айтқанда, Алматы қаласында 2019-2021 жж. халық қатысатын бюджет аясындағы жобалық ұсыныстардың саны 333-тен 934-ке дейін, ал оларға дауыс берген азаматтардың саны – 3,3 мыңнан 84,5 мың адамға дейін өсті [21]. Осы дерек аталған жобаны қолдаушылардың артып жатқанын

көрсетеді. Яғни, қазақстандық қоғамда жергілікті деңгейде электронды демократияны дамытудың бұл жолына сұраныс бар екені байқалады. Аталған екі қаланың сәтті тәжірибесін ескере отырып, басқа да аймақтарда, жергілікті жерлерде осы жобаны жоспарлауға болады деген сөз.

Нәтижелерді талқылау: салыстырмалы талдау және негізгі факторлар

Эстония, Оңтүстік Корея, Тайвань тәжірибесін Қазақстандағы жағдаймен салыстыру электронды демократиялық практикалардың сәтті немесе сәтсіз іске асуына әсер ететін бірқатар ортақ заңдылықтар мен ерекшеліктерді айқындайды:

Саяси-құқықтық орта және саяси ерік. Зерттелген елдерде электронды қатысу биліктің жоғары деңгейдегі қолдауы және заңды кепілдіктері нәтижесінде табысты дамыды. Эстонияда электронды қызметтер мен қатысу 2000-жылдардың басында стратегиялық цифрландыру тұжырымдамасының негізінде қалыптасып, заңнамалық тұрғыда электронды дауыс беру мен қолтаңба қоюдың легитимдігі қамтамасыз етілді. Оңтүстік Кореяда Gwanghwamoon 1st Street немесе президенттік петициялар сияқты бастамалар биліктің транспаренттілік саясатына сәйкес жүзеге асты. Тайваньда цифрлық министрлік және қоғамдық кеңестерді нормативті бекіту электронды демократияны ресми институт ретінде күшейтті. Қазақстанда «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаты жарияланғанмен, әлі күнге электронды демократия тетіктері толыққанды заңға негізделмеген. Мемлекеттің электронды бастамаларға қызығушылығы бар, бірақ нақты өзгерістер «жоғарыдан» қолдаусыз баяу жүреді. Озық елдер тәжірибесі көрсеткендей, билік шынымен азаматтардың кері байланысын қажет етсе және соның негізінде өзгерістер енгізуге дайын болса, электронды демократия дамиды. Ал егер платформалар тек «көрек көзге» енгізілсе, нәтижесі шектеулі болады.

Технологиялық инфрақұрылым және қолжетімділік. Зерттелген үш ел интернет пен цифрлық сауаттылық бойынша әлемдік деңгейде көш бастап тұр. Бұл электронды демократияның шешуші алғышарты. Қазақстанда да соңғы жылдары интернет инфрақұрылымы айтарлықтай жақсарды, дегенмен ауыл-аймақ пен қалалар арасындағы цифрлық теңсіздік сақталуда. Эстония мысалы электронды куәлік және бірыңғай қолтаңба жүйесін бүкіл халыққа қолжетімді еткенде, электронды қызметтер кеңінен тарады. Оңтүстік Корея біртұтас порталды (e-People) қолдана отырып, мәселе қай органның құзырына жататынын анықтау қиындықтарын жойды. Қазақстандық «Ашық НҚА» немесе ePetition.kz сайттары да түсінікті интерфейс пен қолдануға оңай авторизация ұсынуы тиіс, себебі пайдаланушыларға ыңғайлы болмаған жүйелер халықтың белсенділігін шектейді.

Жетекші тәжірибелер және Қазақстанға бейімдеу. Әр келесідей тәжірибелерді қазақстандық шынайылыққа бейімдеуге болады:

- Эстония: электронды бастамаларды парламент (не жергілікті орган) тарапынан міндетті қарау, заңдастыру (азаматтарға «заң шығару процесіне қатыса аламын» деген сенім беретін шынайы тетік).
- Оңтүстік Корея: халықтың ұсыныстарына және шағымдарына шұғыл жауап беретін бірыңғай портал (e-People), ірі ауқымды қоғамдық бастамаларды біріктіру (Gwanghwamoon 1st Street).
- Тайвань: дискурсты модерациялаудың жаңа әдістері (vTaiwan), азаматтық технологиялық қауымдастықпен серіктестік (g0v) және нақты онлайн-/офлайн талқылаулар негізінде сындарлы шешім табу.

Қазақстанда бастамалар оң нәтижеге жету үшін заңнаманы жетілдіру (онлайн-петицияларға заңды мәртебе беру, порогты төмендету не дифференциациялау), талқылау ашықтығын арттыру, кері байланыс жүйесін жақсарту қажет.

Қорытынды

Біріншіден, зерттеу электронды демократияны енгізу жолында Қазақстанда нақты қадамдар жасалғанын растайды. Бұл — еpetition.kz порталынан бастап «халық қатысатын бюджет» жобаларына дейінгі бастамалар. Алайда халықаралық тәжірибе көрсеткендей, электронды демократия институттары тек бір порталмен шектелмеуі керек. Олар кешенді түрде, қоғамның цифрлық сауаты мен заңнамалық базаны дамыту арқылы нығаяды. Мысалы, Эстония алдымен жергілікті сайлауда электронды дауыс беруді сынап көріп, біртіндеп парламенттік деңгейге дейін кеңейтті. Бұл тәжірибе жаңа тәсілдерді бірден бүкіл елге таратудан гөрі, бастапқыда шағын ауқымда тексерудің тиімділігін дәлелдейді.

Екіншіден, Оңтүстік Корея үлгісі мемлекеттік органдардың азаматтық бастамаларға міндетті түрде жауап беру тетігін заңнамалық түрде бекітудің маңызын көрсетеді. Елде Президент әкімшілігінің веб-сайтында петиция 30 күн ішінде 200 мыңнан астам қол жинаса, үкімет өкілдері немесе тиісті министрліктер оған ресми жауап беруге тиіс. Қазақстанда еpetition.kz платформасындағы өтініштер негізінде нақты шаралар қабылдау практикасын кеңейту ұсынылады. Бұл қадам азаматтардың мемлекеттік басқаруға деген сенімін арттырады және жергілікті мәселелерді шешудің тиімді жолына айналады.

Үшіншіден, Тайвань тәжірибесінен келіп шығатын тағы бір маңызды тұжырым — билік пен азаматтық қоғам арасында ашық байланыс механизмдерін орнату. «Күнбағыс қозғалысы» нәтижесінде Тайваньда g0v қауымдастығы мен Join порталы өмірге келді. Бұл жерде тек петиция ғана емес, қоғамдық ұсыныстарды бірлесіп әзірлеп, заң жобаларына цифрлық қолдау көрсету қалыптасқан. Қазақстандағы «халық қатысатын бюджет» жобасы осыған ұқсас принципті жүзеге асырады, бірақ ол әлі жергілікті деңгейде ғана кең етек алып отыр. Тиісінше, бұл жобаны әрі қарай дамытып, оған кеңірек қоғамдық топтарды жұмылдыру қажет.

Төртіншіден, электронды демократия «құралдарына» сұраныс тек орталық немесе ірі қалалармен шектеліп қалмауы шарт. Эстония өзінің

аймақтарында да цифрлық сауаттылық деңгейін арттыру бағдарламасын жүргізді, Оңтүстік Корея мен Тайвань жергілікті өзін-өзі басқару құрылымдарында халықпен бірге белсенді жұмыс жасауды алдыңғы орынға қойды. Қазақстанда да, әсіресе шалғай аудандарда, ақпараттық түсіндіруді күшейту арқылы тұрғындардың интернет пен электронды платформаларға қолжетімділігін қамтамасыз ету ұсынылады.

Бесіншіден, зерттеу көрсеткендей, электронды демократия институцияларының табысты болуы заңнамалық қолдауға тікелей байланысты. Бұл — электронды дауыс беруді заңдастырудан бастап (Эстония үлгісі) онлайн-петициялардың заңдық күшін нығайтуға дейінгі (Оңтүстік Корея, Тайвань үлгілері) процестерді қамтиды. Қазақстанда да петициялар арқылы жинақталған қолдарды тиісті заңмен бекіту, қажетті шекті межеден асқаннан кейін автоматты түрде мәслихат немесе Парламент қарауына жіберу сияқты ережелерді нақтылап, реттеуді жетілдіру ұсынылады.

Алтыншыдан, электронды демократияны енгізу кезінде жергілікті мемлекеттік қызметкерлер мен басшылардың кәсіби құзыреті шешуші рөл атқарады. Оңтүстік Кореядағыдай онлайн-петицияларды сараптап, сұрыптай алатын мамандардың, Эстониядағыдай электронды дауыс беру жүйесін ұйымдастыруға жауапты IT-кадрлардың болуы қажет. Қазақстанда қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру арқылы жергілікті биліктің цифрлық мүмкіндіктерін күшейтуге болады.

Жетіншіден, цифрлық сауалнама және консультация тәсілдері басқару органдарына қоғамның нақты сұраныстарын шынайы әрі жедел түрде анықтауға мүмкіндік береді. Эстония тұрғындар ұсыныстарын алдымен жинап, заң жобасы деңгейіне дейін апарса, Тайвань билігі Join порталында заңнамалық бастамаларды дауысқа салып, оны толықтыратын өзгерістерді қоғаммен бірге әзірлейді. Қазақстанда да әлеуметтанулық зерттеу әдістемесін электронды үкімет платформаларымен ұштастырып, тұрғындармен жедел кері байланыс алуды дамытуға болады.

Қорытындылай келе, Қазақстанда электронды демократияны ілгерілету үшін ең алдымен қоғамдық ақпараттандыру жұмысын жандандыру, жергілікті деңгейде пилоттық жобаларды рет-ретімен енгізу және озық халықаралық тәжірибені (Эстония, Оңтүстік Корея, Тайвань) бейімдеп пайдалану қажет. Заңнамалық негіздерді нақтылау, мемлекеттік қызметкерлердің цифрлық біліктілігін арттыру мен халықтың электронды құзырет деңгейін көтеру үйлесімді жүзеге асырылған жағдайда, елімізде электронды демократияның әлеуеті едәуір артып, басқару жүйесінің ашықтығы мен қоғаммен кері байланысы күшейе түспек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. International Telecommunication Union. Measuring Digital Development: Facts and Figures 2024. Geneva: ITU Development Sector, 2024. // Url: <https://www.itu.int/en/ITU-D/Statistics/Pages/facts>. (қаралған күні: 04.06.2024).
2. United Nations Department of Economic and Social Affairs. E-Government Survey 2024: Accelerating Digital Transformation for Sustainable Development, with the Addendum on Artificial Intelligence. New York: United Nations, 2024. // Url: <https://publicadministration.un.org/egovkb/en-us/> (қаралған күні: 04.06.2024).
3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. 2023 жылы үй шаруашылықтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану: статистикалық бюллетень. – Астана, 2024. // Url: <https://stat.gov.kz> (қаралған күні: 04.06.2024).
4. Chadwick, A. (2006). Internet Politics: States, Citizens, and New Communication Technologies. Oxford University Press.
5. Macintosh, A. (2004) 'Characterizing e-participation in policy-making', in Proceedings of the 37th Annual Hawaii International Conference on System Sciences, 2004. IEEE, p. 10 pp. Available at: <https://doi.org/10.1109/HICSS.2004.1265300>.
6. Ferro, E. and Molinari, F. (2010) 'Framing web 2.0 in the process of public sector innovation: Going down the participation ladder', European Journal of ePractice, 9, pp. 20–34.
7. Kneuer, M. (2016) 'E-democracy: A new challenge for measuring democracy', International Political Science Review / Revue internationale de science politique, 37(5), pp. 666–678.
8. Loader, B. & Mercea, D. (Eds.). (2011). Social Media and Democracy: Innovations in Participatory Politics. Routledge.
9. van Dijk, J.A.G.M. (2012) 'Digital Democracy: Vision and Reality', IOS Public Administration in the Information Age: Revisited, 19, pp. 49–62. Available at: <https://doi.org/10.3233/978-1-61499-137-3-49>
10. Meer, T.G.L.A. van der, Gelders, D. and Rotthier, S. (2014) 'E-democracy: Exploring the current stage of egovernment', Journal of Information Policy, 4, pp. 489–506. Available at: <https://doi.org/10.5325/jinfopoli.4.2014.0489>.
11. Т. Ровинская. Электронная демократия в теории и на практике. Политические отношения и институты. Мировая экономика и международные отношения, 2013, № 12, с. 84–96.
12. Н.В. Лаврик. Электронная демократия: мировой опыт. // Вести. Забайкал. гос. ун-та. 2017. Т. 23. №2. С.67-75.
13. Медведев А.С. Эстонская электронная демократия. Возможности внедрения механизмов в России // Academy. 2018. №9 (36). // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/estonskaya-elektronnaya-demokratiya-vozmozhnosti-vnedreniya-mehanizmov-v-rossii> (қаралған күні: 04.06.2024).
14. Hyeungseob Son, Myunghoon Roh. Digital Democracy using Digital Platform in South Korea: Right to Petition and Election Campaign. Authorea. January 30, 2024. DOI: 10.22541/au.170664385.51997353/v1
15. O'Flaherty, K. (2018) 'Taiwan's revolutionary hackers are forking the government', Wired UK. // Url: <https://www.wired.co.uk/article/taiwan-sunflower-revolution-audrey-tang-g0v> (қаралған күні: 04.06.2024).
16. Biberman, J. (2021) 'E-Governance and Civic Technology: Lessons from Taiwan'. Center for Sustainable Development, Earth Institute, Columbia University. // Url: https://csd.columbia.edu/sites/default/files/content/docs/ICT%20India/Papers/ICT_India_Working_Paper_48.pdf (қаралған күні: 04.06.2024).
17. Huang, H.-Y. et al. (2021) 'Towards a Model of Online Petition Signing Dynamics on the Join Platform in Taiwan', in 2021 Eighth International Conference on eDemocracy & eGovernment (ICEDEG), Quito, Ecuador: IEEE, pp. 199–204. Available at: <https://doi.org/10.1109/ICEDEG52154.2021.9530852>.
18. Makarychev, A. and Wishnick, E. (2022) 'Anti-Pandemic Policies in Estonia and Taiwan: Digital Power, Sovereignty Biopolitics', Social Sciences, 11, p. 112. Available at: <https://doi.org/10.3390/socsci11030112>.
19. Исследование ООН: электронное правительство 2022. Будущее цифрового правительства. Департамент по экономическим и социальным вопросам. ОРГАНИЗАЦИЯ ОБЪЕДИНЕННЫХ НАЦИЙ. Нью-Йорк, 2022 // Url: <https://publicadministration.un.org/en/publicadministration.un.org/egovkb/en-us/> (қаралған күні: 04.06.2024).
20. «ePetition» – Қазақстанның ресми онлайн-петиция сайты. // Url: <https://epetition.kz/> (қаралған күні: 04.06.2024).
21. «Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқаруды реформалаудың ерекшелігі мен перспективасы» тақырыбындағы талдау баяндамасы: / Астана, KEAҚ «Қазақстандық қоғамдық даму институты», 2023. – 106 бет.

REFERENCES:

1. International Telecommunication Union. Measuring Digital Development: Facts and Figures 2024. Geneva: ITU Development Sector, 2024. // [Url:https://www.itu.int/en/ITU-D/Statistics/Pages/facts](https://www.itu.int/en/ITU-D/Statistics/Pages/facts) (accessed: 04.06.2024).
2. United Nations Department of Economic and Social Affairs. E-Government Survey 2024: Accelerating Digital Transformation for Sustainable Development, with the Addendum on Artificial Intelligence. New York: United Nations, 2024. // [Url:https://publicadministration.un.org/egovkb/en-us/](https://publicadministration.un.org/egovkb/en-us/) (accessed: 04.06.2024).
3. Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan, Bureau of National Statistics. Use of Information and Communication Technologies in Households in 2023: Statistical Bulletin. – Astana, 2024. – Available at: <https://stat.gov.kz>, open access..
4. Chadwick, A. (2006). Internet Politics: States, Citizens, and New Communication Technologies. Oxford University Press.
5. Macintosh, A. (2004) 'Characterizing e-participation in policy-making', in Proceedings of the 37th Annual Hawaii International Conference on System Sciences, 2004. IEEE, p. 10 pp. Available at: <https://doi.org/10.1109/HICSS.2004.1265300>.
6. Ferro, E. and Molinari, F. (2010) 'Framing web 2.0 in the process of public sector innovation: Going down the participation ladder', European Journal of ePractice, 9, pp. 20–34
7. Kneuer, M. (2016) 'E-democracy: A new challenge for measuring democracy', International Political Science Review / Revue internationale de science politique, 37(5), pp. 666–678
8. Loader, B. & Mercea, D. (Eds.). (2011). Social Media and Democracy: Innovations in Participatory Politics. Routledge.
9. van Dijk, J.A.G.M. (2012) 'Digital Democracy: Vision and Reality', IOS Public Administration in the Information Age: Revisited, 19, pp. 49–62. Available at: <https://doi.org/10.3233/978-1-61499-137-3-49>
10. Meer, T.G.L.A. van der, Gelders, D. and Rotthier, S. (2014) 'E-democracy: Exploring the current stage of egovernment', Journal of Information Policy, 4, pp. 489–506. Available at: <https://doi.org/10.5325/jinfopoli.4.2014.0489>.
11. Rovinskaya T. Elektronnaya demokratiya v teorii i na praktike [Electronic democracy in theory and practice]. Politicheskie otnosheniya i instituty. Mirovaya ekonomika i mezhdunarodnye otnosheniya - Political Relations and Institutions. World Economy and International Relations. 2013. No 12. pp. 84–96.
12. Lavrik N.V. Elektronnaya demokratiya: mirovoi opyt [Electronic Democracy: World Experience]. Vesti Zabaikalskogo gosudarstvennogo universiteta - News of the Transbaikal State University. 2017. V. 23. No 2. pp. 67–75.
13. Medvedev A.S. Estonskaya elektronnaya demokratiya. Vozmozhnosti vnedreniya mekhanizmov v Rossii [Estonian e-democracy. Possibilities of implementing mechanisms in Russia]. Academy.2018. No 9 (36). pp. 46–48. // [Url:https://cyberleninka.ru/article/n/estonskaya-elektronnaya-demokratiya-vozmozhnosti-vnedreniya-mekhanizmov-v-rossii](https://cyberleninka.ru/article/n/estonskaya-elektronnaya-demokratiya-vozmozhnosti-vnedreniya-mekhanizmov-v-rossii) (accessed: 04.06.2024).
14. Hyeungseob Son, Myunghoon Roh. Digital Democracy using Digital Platform in South Korea: Right to Petition and Election Campaign. Authorea. January 30, 2024.DOI: 10.22541/au.170664385.51997353/v1
15. O'Flaherty, K. (2018) 'Taiwan's revolutionary hackers are forking the government', Wired UK. // [Url:https://www.wired.co.uk/article/taiwan-sunflower-revolution-audrey-tang-g0v](https://www.wired.co.uk/article/taiwan-sunflower-revolution-audrey-tang-g0v) (accessed: 04.06.2024).
16. Biberman, J. (2021) 'E-Governance and Civic Technology: Lessons from Taiwan'. Center for Sustainable Development, Earth Institute, Columbia University. // [Url:https://csd.columbia.edu/sites/default/files/content/docs/ICT%20India/Papers/ICT_India_Working_Paper_48.pdf](https://csd.columbia.edu/sites/default/files/content/docs/ICT%20India/Papers/ICT_India_Working_Paper_48.pdf) (accessed: 04.06.2024).
17. Huang, H.-Y. et al. (2021) 'Towards a Model of Online Petition Signing Dynamics on the Join Platform in Taiwan', in 2021 Eighth International Conference on eDemocracy & eGovernment (ICEDEG). 2021 Eighth International Conference on eDemocracy & eGovernment (ICEDEG), Quito, Ecuador: IEEE, pp. 199–204. Available at: <https://doi.org/10.1109/ICEDEG52154.2021.9530852>.
18. Makarychev, A. and Wishnick, E. (2022) 'Anti-Pandemic Policies in Estonia and Taiwan: Digital Power, Sovereignty Biopolitics', Social Sciences, 11, p. 112. Available at: <https://doi.org/10.3390/socsci11030112>.
19. Issledovanie OON: elektronnnoe pravitel'stvo 2022. Budushchee tsifrovogo pravitel'stva. Departament po ekonomicheskim i sotsial'nym voprosam [UN Study: E-Government 2022. The Future of Digital Government. Department of Economic and Social Affairs]. Organizatsiya Ob"edinennykh natsii - UN. N'yu-lork (New York). 2022 // [Url:https://publicadministration.un.org/egovkb/en-us/](https://publicadministration.un.org/egovkb/en-us/) (accessed: 04.06.2024).
20. «ePetition» – Kazakhstan's official online petition site. [Url:https://epetition.kz/](https://epetition.kz/) (accessed: 04.06.2024).
21. Analiticheskii doklad na temu «Osobennosti i perspektivy reformy mestnogo samoupravleniya v Kazakhstane» [Analytical report on the topic "Features and prospects of local self-government reform in Kazakhstan"]. AOO «Kazakhstanskii institut obshchestvennogo razvitiya» - JSC Kazakhstan Institute of Public Development. Astana. 2023. pp. 106.